

"Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 тамыздағы N 1289

Қазақстан Республикасы астанасының Ақмола қаласына көшуіне байланысты, Ақмола қаласында жоғары және орталық мемлекеттік органдарға автокөлік қызметін көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) құрылсын.

2. Мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы белгіленсін.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеті Қазақстан Республикасының жоғары және орталық органдарына автокөлік қызметін көрсету болып белгіленсін.

4. Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жарғылық қорын қалыптастырсын және оның жарғысын бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулыға сәйкес Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтыру енгізу туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі